

АЛАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті №9 (71) 28 ақпан 2025 жыл

Жыл қорытындысы

Нәрлі нәтижелерге игілікті істің ықпалымен қол жетпек

Өмір өріндегі әр жылдың адамзат баласы үшін берер өзіндік несібесі болатынын көзімізбен көріп, куәсі болып жүргенімізді жасырып, жаба алмаймыз. Бәрін жіпке тізгендей ақиқат айғақтап береді. Берік қалыптасып қалған бұл дәстүр еңбек ұжымдары мен ұйымдарында өз мерзімінде таразы талқысына салынып отырады.

Облыс аумағында Қарасай аудандық ардагерлер ұйымы ауыз толтырып айтарлықтай, үлкен ұйым болып саналады. Оның қоғамдық бірлестігінің құрамында 1 қалалық, 10 ауылдық ардагерлер ұйымы, 1 ұлттар ассамблеясының жанынан жаңадан құрылған «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді. Жоғарыдағы ұйымдардан басқа 55 бастауыш ұйымдар бар екенін ескеретін болсақ, аудандық ұйымның ауқымы одан әрі кеңейіп түседі. Осы аталмыш ұйымдарда басты тұлға болып отырған аталарымыз бен апаларымыз ұтымды жұмыстардың ұйытқысы болып, ұрпақ тәрбиесіне ұлағатын қалдыруды өздерінің берік ұстанымына айналдырып келеді. Бұл жөнінде ардагерлер алдында жыл ішінде атқарылған жұмыстарға сараптама жасап, саралаған аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов бүге-шігесіне дейін жан-жақты тоқталып өтті.

Бұл жерде ардагерлер ұйымының басты бағдарына айналған мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өмір ағымына сай тапсырмалары мен нұсқауларын іс жүзіне асырудың барысын барынша анық-қанығына жеткізу. Әсіресе, ел Президентінің «Адал адам, адал еңбек, адал табыс» атты тарихи құжатының халық үшін мәні мен маңызы зор екенін жеріне жеткізе насихаттау оңай жұмыс емес. Бұл орайда өмірде көпті көрген ардагерлер қауымы алғы шептен көрініп, өз міндеттерін абыроймен атқара білді. Соның нәтижесінде қоғамдық өмірде татулық пен тұрақтылықты, ынтымақ пен бірлікті, жас ұрпақтың жаны мен жаратылысына отансүйгіштік патриоттық сезімді қалыптастыруға қалтқысыз қызмет жасауды өздерінің баста парызы санайды. Әрине, бұл қадамдары құптауға тұрарлық.

Бір атап айтарлығы, бүгінгі күні Ұлы Отан соғысы ардагерлерінен адам қалмады. Олардың жесірлерінен 15 ана бар. Мұның өзі халық үшін дәтке қуат екенінің өзі-үлкен қуаныш. Тыл еңбеккерлерінің өзінен 406 ардагер қалған. Осы жерде тарихи Чернобыль апатына қатысқандар саны 57, Ауған соғысы ардагерлер саны 249, аудан аумағындағы зейнеткерлер 30114. Осынау ардагерлер бүгінге дейін назардан тыс қалып көрген емес. Оларға тиесілі орындардан қажетті қамқорлық жасалып қамтамасыз етіліп жүр. Мұның бәрі де Сағат Ұлтрақұлының сөзінде нақтылы айғақтар арқылы алға тартылды. Оның бәрін тізбелеп шығу мүмкін емес.

Баяндама барысында ауылдық ардагерлер ұйымдарының ішінен атап айтарлықтай айырықша жұмыстарымен көзге түскен ұйымдар баршылық екені де ескеруіміз қалмады. Мәселен, Бекболат ауылдық ардагерлер ұйымында зейнеткер жасындағы адамдардың құқықтарын қорғау және оларға әлеуметтік жағынан жанды қамқорлық жасау жұмыстары жақсы жолға қойылған. Сол сияқты О. Жандосов атындағы ардагерлер ұйымындағы жұмыста да жүйелілік бар деп айтуға болады. Аталған ауылдағы этно өкілдерінің мәдениетін дәріптеу, ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты қастерлей білу жағы басымдау екені олардың мәртебесін көтеріп, абыройларын асқақтатып жүр. Ал, Жібек Жолы ауылдық ардагерлер ұйымындағы ынтымақ пен бірлік, Әйтей ауылындағы жастар тәрбиесіндегі жан сүйсіңтер жақсы істер көрген адамдардың көңілін өсіріп жібереді.

Өткен жылдың сәуір айында аудан әкімдігінің үлкен залында ардагерлер мен жастар ресурсының кеңейтілген форумы салтанатты жағдайда өтті. Сол форумда ауданда алғаш рет «Алатау жастары» ұйымы құрылып, тұсауы кесілді. Бұл ұйымның төрағасы болып, бір ауыздан Бекжан Сүнбеков тағайындалды. Жастар бастапқы күндерден-ақ өздерінің жастық жалындарын көрсетті. Адаңдағы барлық қайырым-

дылық акцияларына қалмай қатынасып, қолдарынан келгенше қомақты үлестірін қосып отырды. Бүгінгі күні «Таза Қазақстан», «Таза қала», «Таза экология» акцияларының бел ортасынан табылып, белсенділіктің өнегесін көрсетіп жүр. Сағат Мәсімақынов ардагерлер ұйымының жыл ішінде атқарған жұмыстарын дерліктей бастан-аяқ баяндап берген жоқ. Ол ең негізгілеріне тоқталумен болды.

Ұйым жұмысына өз тарапынан қанағаттанарлық баға берген Ұмтыл ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Елтай Хасенов ақсақал мына бір жайларды ардагерлер есіне салып өтті. Осы жылдың ішінде аудандық мәслихаттың қолдауымен 50-дей а-



ардагерлер Түркістандағы қасиетті жерлерде болып қайтқанын мақтанышымен әңгіме арқауына айналдырды. Сол сияқты Үштөбе қаласында өткен заңғар жазушы Кемел Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойына ардагерлердің қатынасып қайтуы да ұмытылмас сәттер екенін емірене еске алды. Мұнда ардагерлер ұйымының алар орны ерекше екені де ерекше атап өтілді.

Осынау басқосуда Әйтей ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Амангелді Шәріпқұлов аудандық ардагерлер ұйымының қашан болса да жақсы істердің жанашыры болып, көшбасшы болып жүргеніне арнайы тоқталды. Жыл ішінде айырықша мәні бар іс-шаралардың өтуінде осыған мұрындық болып жүрген ардагер ұйымының алар орны бөлекше екеніне талап тұрғысынан мән берді. Елтай ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Есенгелді Салибеков те өз ой-пікірлерін ортаға салудан шет қолған жоқ. Ол аудандағы ардагерлер Жаңабай Құлшиев ақсақалымыздың Қарқарада өткен «Қымзымұрындық» байқауында бата беруден облыста екінші орынды иеленіп, Алғыс хат пен ақшадай қаражаттың иегері атанғанын ерекше ыстық ықыласпен ауызға алды.

Салтанатты жиналыста сөйлеушілер қатары көп болды. Олардың қай-қайсысы болса да салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ұйымның ұтқырлық көрсетіп келе жатқан белсенділігін жанды мысалдар арқылы үлкен құрметпен атап өткендері ерекше әсерлі болды. Бұл орайда Іргелі ауылындағы Болат Бұршақбаев, Қалиахмет Көшпенбаев, Тілеухан Әлімбаев, Пазыл Тәжмұрат, Амандолла Әбдімұратов, тағы басқа ардагерлердің аттары атқарып жатқан жұмыстары арқылы еспеттелді. Жаңадан құрылған «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы болып Ұлтұсын Бархинова сайланды.

Осы жылы ардагерлер ұйымдарының төрағалары болған Елтай Хасенов, Калида Қосшұғұлов, Базаркелді Анисов, Амангелді Толымбековтер Алматы облысының Құрметті ардагері төсбелгісімен марапатталды. Аталған ардагерлер өз қызметтерін абыроймен атқарды. Ардагерлер қауымы ардагерлер ұйымының жыл ішіндегі жұмысына қанағаттанарлық баға берді. Сонымен бірге ұйымның үстіміздегі жылға арналған міндеттері мен іс-шараларының жоспарларын бекітті.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қаскелең қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы.



Ұлы Жеңіске-80 жыл!

Республикалық «Ана тілі» газетінің 2017 жылғы №2 (1364) 12-18 қаңтарындағы санында мемлекетаралық «Алтын ғасыр» газетінің бас редакторы, Қазақстанның құрметті журналисі, тарихшы Жұмабай Доспановтың газет тілшісі Құттыгерей Смадиярға «Айтылмай қалған ақиқат немесе Ұлы Отан соғысының беймәлім беттері» деген сұхбатындағы бір дерек бірден менің назарымды өзіне аударған еді.

Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған Тәшен Сәрсеевтің ерлігі туралы не білеміз?

Газет тілшісі: «Өткендегі сұхбатыңызда Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған, бірақ берілмеген 33 казак офицері бар екенін айтқаныңыз. Оқырмандар соларды есімдерімен білгілері келгендіктен, атап берсеңіз? Бұларға «Халық Қаһарманы» атағын беруге мүмкіндік бар ма?» деген сауалына: «Тағы бір қандасымыз қосылып, 34-ке жетті. Жасаған ерлігі сол жоғарғы атақ ережесіне сай келе тұра ұсынылмай, әртүрлі ордендермен марапатталғандар 100-ден асады деп, гвардия медкызметінің кіші лейтенанты, саннұсқаушы Сәрсеев Тәшеннің есімін атап өткен әңгімесі 1946 жылдан Балқаш аудандық аурухананың меңгерушісі, бас дәрігері қызметтерін атқарған Ленин орденді соғыс және еңбек ардагері Тәшен Сәрсеевті есіме түсірген.

Содан бастап ержүректі жауынгер Тәшен ағаның өмірбаянымен, соғыс жылдарындағы біздерге беймәлім жорық жолдары туралы деректерді Ресейдің Орталық Қорғаныс мұрағатында сақталған құжаттармен жақынырақ танысу үшін «Память народа» және «Подвиг-человек» сайттарын аударыстыра бастадым. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында сақталған аудандық «Балқаш еңбеккері» газетінің сарғайған беттерін шолып шығуыма тура келді. Алдымен маған 1970 жылдың 9 мамыр күнгі газет бетінде жарияланған «Орденді жерлесіміз» атты мақала жолбасшы болды.

Мақалада Тәшен Сәрсеевтің Мәскеу маңындағы қып-қызыл от ішінде жүріп, 194 адамды өлімнен арашалап, аман алып қалған ерлігі қысқаша жазылыпты. Сол үшін де оған ең жоғарғы награда Ленин ордені тапсырылған. (Мен бұл марапатты бейбіт өмірде дәрігерлік қызметі үшін алған шығар деп ойлайтынмын). Т. Сәрсеев туралы жауынгерлер өздерінің орденді санитар-нұсқаушысына:

Соғыстың ауыр белесін,
Жүргенің ылғи аралап,
Көмекке өзің келесің,
Жау оғы кетсе жаралап.

Жауынгерді екі жүз,
Өлімнен сен сақтадың.
Орденің тұр жарқырап,
Ел сенімін ақтадың.

-деп жыр шумақтарын да арнаған.

Сонымен бірге «Комсомольская правда» газетінің 1942 жылғы №23 санында ержүрек кіші сержант санитар-нұсқаушы Тәшен Сәрсеевтің ерлігін баяндаған қызылсер Н. Лукьянов «Он спас 168 жизней» деген мақаласында «Я хочу рассказать об отважном санитаре, казаха из Алма-Аты Ташена Сарсеева, которого все мы знаем как героя и храбрца. Ни морозы, ни пурга, ни фашистские автоматчики, минометы не могут отстранить храброго санитаря от выполнения его святого долга. Он говорит так: «Пока в моих руках есть сила и ноги мои ходят, я должен выполнять свой долг».

В боях за деревню Каменка под Москвой, тов. Сарсеев подобрал 38 раненных бойцов и командиров. Он оказал им первую помощь, но тут наша часть перешла на другое место. Сарсеев остался один с ранеными. Но он не упал духом, а продолжал выполнять свое великое дело. Он повел своих 38 раненных по компасу сквозь густые леса, помогал им идти, ташил их и одобрял своим словом.

Так Сарсеев вывел 38 раненных из окружения и доставил их в Краснополянскую больницу, а потом разыскал свое подразделение и доложил о своей работе командиру. Всего Ташен Сарсеев спас 168 раненных бойцов и командиров. И не было ни одного случая, чтобы он выносил раненных с поля боя с опозданием» деп жазған екен.

Батыс майданы 133-атқыштар дивизиясы, 681-атқыштар полкінің кіші сержанты, санитар-нұсқаушы Тәшен Сәрсеевтің асқан бұл ерлігін назардан тыс қалдырмай 1941 жылғы 25 желтоқсанда 681-атқыштар полкінің командирі, подполковник Обо-



рин, полктің саяси жетекшісі Бадхан Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынған. Ресейдің Орталық Қорғаныс мұрағатында сақталған 33-қордың 682524-тізбесіндегі №303 істің 405-парағында бұл тайға таңба басқандай анық жазылып тұр. Көрсеткен қандай ерліктері үшін наградаға ұсынылғаны жөнінде қысқаша мәлімет те қоса ұсынылған.

«30 ноября и 1-го декабря сего года при наступлении на д.Калинина Коммунистического района Московской области вынес 15 чел. раненных. Из них с оружием 13 человек, оказав им первую помощь, при взаимной помощи друг другу, доставил в ближайшую Краснополянскую больницу, так-как пути эвакуации раненных были отрезаны противниками.

1-го декабря в штабе одного погранотряда взял 4 автомашины обходными путями, прибыл в район д. Калинина собрав 28 человек раненных, оказав им помощь и доставил в одну из больниц г. Москвы (на что имеет документ), после чего вернулся в свою часть.

5 декабря при обороны д. Хорошилова Московской области вынес с поля боя 8 человек раненных с их оружием. При овладении населенными пунктами: Горохова, Селиверстова, Льгово Парусного района Тульской обл, с16 по 23 декабря сего года вынес с поля боя 37 чел. Кроме всего этого тов. Сарсенов 28.11.41 г. д. Клусова Коммунистического района Московской области вынес с поля боя 1 ст. пулемет, 1 ротный миномет и организовав вывоз одну подбитую противотанковую пушку».

Сондай-ақ наградаға ұсынылған паракта төмендегідей мәлімет келтірілген:

«В боях с германским фашизмом т. Сарсеев с 10 июля 1941 года за все время боевых действий он вынес с поля боя 168 раненных бойцов и командиров из них с оружием 120 человек.

С 17 октября по 6 ноября сего года в борьбе за город Калинин вынес с поля боя 87 человек раненных. Из них с оружием 75 человек.

Представлен к наградам Героя Советского Союза, 25 декабря 1941 г.».

Басқарма бастығы генерал-майор Румянцев пен дивизия басқармасының әскери комиссары Листков СССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі М. Калининге 1942 жылдың 9 мамыр күні жолдаған №1362/282936 санды құпия хатында Батыс Әскери Советінің №0314 санды бұйрығымен неміс басқыншыларымен шайқаста көрсеткен ерліктері үшін 445 адамның марапатталғанын атап өткен. Алайда, Тәшен Сәрсеев Кеңес Одағының Батыры атағының орнына Ленин ордені берілген.

«Тағы да ол кездегі дискриминация жайлы айтып өту қажет, мен жауынгерлік ордендермен және медальдармен марапаттау кезіндегі жайтты айтамын.

Руханият

НҰРАҒАНЫҢ НҰРЛЫ КЕШІ

Дарынды композитор, дәулескер күйші Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Халық қаһарманы, дирижер Нұрғиса Атабайұлы көзінің тірісінде-ақ қазақ музыкасының сайыпқыраны атанып, өнер әлемінде өз есімін алтын әріппен жазып кеткен қайталанбас аңыз адам болып елдің есінде қалды.

Қонаев қаласында облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен эн мен жырға толы сазды кеш Мәдениет үйінің кіреберісіне қойылған көшпелі мұражайды тамашалаудан басталды. Сазгердің киген киімі мен ұстаған заттары көпшіліктің көз жауын алып, ерекше естеліктерді еске салды. Дәліздегі көрмеге Нұраға жайлы жазылған кітаптар қойылған. Кеш қонақтары Алматы қаласы музейлер бірлестігіне қарасты Нұрғиса Тілендиев мемориалды музейінің жылжымалы көрмесінен әкелінген экспонатты қызыға тамашалады.

Салтанатты шараға Мемлекет басшысының кеңесшісі Мәлік Отарбаев, облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев, Нұрғиса Тілендиевтің қызы Дінзұхра Тіленді, облыстық мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелері, аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, аудандық, қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімдерінің басшылары, аудандық, қалалық Мәдениет үйлерінің директорлары, ардагерлер ұйымдарының өкілдері қатысты.

Мерейтойдың шымылдығын құттықтау сөзбен ашқан облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев «Ардақты

ағайын, қадірлі зиялы қауым! Ұлы бабалардан қалған төл мәдениетімізді, өнерімізді өскелең ұрпаққа жеткізу – баршамыздың ортақ парызымыз. Дәулескер күйші, дирижер, Қазақстанның Халық әртісі Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойының ашылу салтанатына қош келдіңіздер. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайтуға зор септігін тигізетінін айтқан еді. Міне, осы орайда өткен жылы күллі қазақтың классик жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығы жоғары деңгейде аталып өтті. Биыл да кең даланы күйімен күмбірлеткен ұлт перзенті Нұрғиса Атабайұлының мерейтойына орай облысымызда арнайы жоспар әзірленіп, халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде» дей келе, алып тұлғамызды әлемге паш ету баршамыздың ортақ міндетіміз екенін айтып, үстіміздегі жылы Іле

ауданында Нұрғиса Тілендиевтің еңселі ескерткіші бой көтеретінін сүйіншілей жеткізді. Сонымен қатар өңіріміздегі Жамбыл әдеби-мемориалды музейінің аумағындағы сазгердің ескерткіш зиратына реставрациялық жөндеу жұмысы жүргізілетінін атап өтті.

Сонымен қатар Марат Елеусізұлы мерейтой аясында облыс аумағында орналасқан елді мекендердегі көшелерге, саябақтарға, жаңадан салынған мектептерге Нұрғиса Тілендиевтің есімі берілетінін, «Түріксои» халықаралық ұйымымен бірлескен белгілі өнер ұжымдарының қатысуымен халықаралық концерттер, ауқымды отырыстар өтетінін де тілге тиек етті. Ұлы тойды лайықты атқару облыс жұртшылығына үлкен жауапкершілікті артатынын да еске салды.

Келесі сөз кезегін алған Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойының ашылу салтанатына ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының зор



ықыласы мен сәлемін жеткізіп, жиналған қауымды айтулы күнмен құттықтады.

– Бүгін-тек Алматы облысы үшін ғана емес, қазақ елі үшін мерейі үстем мереке, Нұрғиса Тілендиев жылының ашылу салтанаты. Нұрғиса Атабайұлы – біздің қазақ руханиятының жалауын көтерген, қазақ күй өнерінің, музыкасының абыройын асқақтатқан көрнекті тұлға. Ол өз шығармашылығында тек бір ғана өңірдің мектебін меңгерген жоқ. Талай-талай күй түрлерін танытып, саз мектептерін қалыптастырды. Сонау заманнан бастау алатын күй өнерін биік деңгейге көтерді. Оның тек қазақ елінің мақтанышы емес, әлемге ортақ тұлға екеніне көзіміз жетіп отыр. Юнеско 2023 жылы 42-сессиясында, Түріксои 40-сессиясында 2025 жылды «Тілендиев жылы» деп жария етті. Бұл – мемлекеттің беделі, ұлтымыздың абыройы, – деп ол күйші-сазгердің ел үшін ерекше ең-

бек сіңіргенін алға тартты.

Келесі болып сөз алған Мәдениет комитеті төрағасының міндетін атқарушы Айдын Қапашев Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хатын оқып берді. Кеш барысында ҚР Еңбек сіңірген қайраткерлері Мейрамбек Беспәев, Тамара Асар, Айгүл Қосанова, Мәдина Сәдуақасова, қазақ эстрадасының айтулы әншілері Мирас пен Құралай, Гүлнұр Оразымбетова сазгердің туындыларын орындаса, театр әртістері Еділ Рамазан мен Ақбота Рахат Нұрғиса Тілендиев өміріне қатысты өлеңдер оқыды. «Алтынай» мемлекеттік халық биі ансамблі, Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясы, «Үшқоңыр» фольклорлы-этнографиялық ансамблі кеш салтанатын шырайландыра түсті.

Зарыққан
ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.

Киелі өнер

Қолөнерді кие тұтқан

Қазақтың қолөнерінің өмірге келуі халықпен, көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Халықтың ұлт екенін айыратын үш негізгі арнасы бар: тіл өнері, қолөнері және саз өнері екендігі айтылып та, жазылып та жүр. Солардың ішінде ертеден келе жатқан өнер, апаларымыз тігетін құрақ құрау, кілем-алаша тоқудың да өзіндік тарихы бар. Мәселен, екі түрлі матаны бір-бірімен қиылыстыра тігетін болсақ, қарапайым ғана құрақ шығады. Абай ағамыз айтқан бес дұшпанның бірі ысырап болса, өнердің бұл саласы сол ысырапшылыққа жол бермейді.



Қазақ қолөнерінің ішінде құрақты тарих бетінен саралар болсақ, ең көне бұйым болып табылатын пэчворк техникасы, ең алғаш рет шыт отаны Индия елінен табылған.

Ерте заманда құрастырылған киімдерді кедей, нашар тұратын адамдар киген. Ал қазіргі таңда құрастырылған киімдерді авангард стилінде пайдаланады. Каирдің Булат мұражайында қарақұйрық терісінен құрап тігілген өрнектер әлі күнге дейін сақталған, ал Токио мұражайының бірінде Майома Эдонің (1569-1867) асыл тастар мен түрлі маталардың қиындыларынан құрап тігілген киімі әлі күнге дейін сақталған. Демек құрақтар тек кедейлер емес байдың, ханның үйінде де одан жамылғы көрпелер, киімдер тігілгендігінің айғағы. Орта Азия халықтары қазақ пен қырғызда – «құрақ», Ресейде – мозайка немесе «ляпочка» деп, ал ағылшынша «квилт» деп, Жапон халқында «сашико» деп аталады. АҚШ, Германия, Швеция сияқты елдердің мұражайларын-

да құрақ бұйымдарының коллекциясы бар. Ал қазақ халқының тұрмыс тіршілігінен хабар беретін бір қатар бұйымдар Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінде сақталған. Ғасырлар бойы уақыт елегінен өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ұлттық қолөнер-бабалардан қалған мәдени мұрамыздың ең асыл құнды қазынасының бірі. Ол-келер ұрпақ тәрбиесінде баланың ой санасына жаңа заман талаптарымен үндесе тарап ақыл-ойды асқарға, қиялды қияға жетелейтін киелі мұра.

Міне, осындай әжелер аманатының бізге үйретіп кеткен мұрасын, сарқылмайтын өнерімізді жалғастырушы Кәрбозова Ақылай қазіргі кезде зейнеткерлікке шықса да қолөнерден қол үзбеген. Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылының тұрғыны Ақылай сондай ана.

Шебер апамыз Ұзынағаш ауылында 1946 жылы дүниеге келген, 1962 жылы аудан орталығындағы қазіргі Т.Рысқұлов атындағы орта мектепті бітірген.

Ақылдайға шеберлік әжесінен дарыған екен, өйткені ол кісі қазақтың ұлттық бұйымдарының ішінде текемет басу, алаша тоқу, кілем тоқу және көйлек, шапан, тон тігу, сонымен қатар құрақ көрпешелер тігумен айналысқан болатын. Міне, осы өнерді күнделікті әжесінен көріп өскен Ақылай, үлкен жеңгелерінің айтуы бойынша 5 жасынан бастап қолына қайшы ұстап, маталарды қиып, әртүрлі

бұйымдарды тігіп берген, ал тігін машинасына 1 сыныпта отырып, ал алғашқы көйлекті 4 сыныпта тігіп кесе, міне, содан бері көйлек, юбка-костюмдер және тоқыма жіппен кез-келген қажетті бұйымдарды тоқып қиетіндігін, сонымен қатар құрақтың түр-түрін құрайтындығы туралы айтып өтті.

Қазіргі таңда 2 ұл, 3 қызынан немерелер сүйіп отырған Ақылай апа зейнеткерлікке шықса да сүйікті ісінен бір сәт қол үзбеген. Қыздардың жасауын жасап, құрақ көрпеше, жапқыштар құрап отырады. Жалпы қандай да бір қолөнер түрін алатын болсақ, бабаларымыз ырымдап, жақсы бір тілекпен ниеттеніп жасаған. Сондай бір игі тілектің бірі-апа-әжелеріміздің құрақ құрай отырып, қыз немерелеріне арналған құрақты: «Отан болып құралып кетсін, өсіп-өнісін» деген ниетпен жасауы. Міне, осындай таңғажайыбымен талайларды тамсандырған қазақ қолөнерінің қарапайым да қайталанбас түрі – қиыстырып құрақ кино, одан көздің жауын алатындай өте бағалы бұйымдар жасаушы Ақылай апа құрақ көрпеше мен құрақ жапқышқа көбіне, қазіргі уақыт талабына сай жаңа үлгідегі «сегіз жапырақ», «қызғалдақ», «ботагөз», «тырнақатар», «аққу», «шахмат», «гүлқұрақ», «жұлдыз» өрнектерін қиялына қарай үйлестіріп, құрап тігеді. Сондай-ақ, Ақылай апа ұлттық өнерімізді жалғастырушы ізбасарлар тәрбиелеп отыр. Осындай құндылықтарымызды дәріптейтін, ұлықтайтын ісмер апа-әжелеріміздің арқасында қазақтың қолөнері ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып мәңгі жасайды десек, қателеспейміз.

Күміс ПАРМАШҚЫЗЫ,
Жамбыл ауданының
Құрметті азаматы.

Отбасылық құндылық

Қазақ отбасында әкенің орны әрқашан да ерекше. Өйткені, әкенің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы-оның жақсы тәрбиесі.



Әкенің бала тәрбиесіндегі рөлін, әкенің мектебінен өткен баланың қандай болатынын түсіндіру мақсатында 5-ақпан күні Қырғайұлы ауылындағы қазақ орта мектебінде «Әке - отбасы тірегі» тақырыбында әкелер форумы өтті. Форумға 86 әке қатысты. Форум қонақтары - Райымбек ауылдық округі ақсақалдар кеңесінің мүшелері және Райымбек ауылдық округі әкімдігінің мамандары.



Келген қонақтарды мектебіміздің «Жас сарбаздар» сыныбы әдемі әндерімен қарсы алды. Шараны мектеп директоры П.Әбдібаева ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Үсенованың ұйымдастыруымен өткен форумда әкелерге арналған қызықты тренингтер мен ойындар ойнатылды. Мектептің тарих пәнінің мұғалімі Е.Оразбеков пен инфор-

матика пәні мұғалімі А.Бағдат бей-нетаспа көрсетіп, әкенің отбасындағы орны туралы айтты. Мектеп психологы Ш.Мұсабекова әке мен бала арасындағы қарым-қатынас туралы баяндама оқыды. Әкелерге ситуациялық сұрақтар беріліп, ой бөлісті. Мектептің көркем еңбек пәні мұғалімдері А.Әбдіров, Н.Мансұров және Б.Ботақанов әкелерге қамшы өру, ағаштан мүсін жасау, сандықша жасау бойынша шебер-сыныптар өткізсе, дене шынықтыру мұғалімдері садақ ату, арқан тарту, асық ойнау және гир тасын көтеру ойындарын ойнатып, сергітті. Қонақтар ақ дастарханнан дәм татып, балалардың дайындаған «Менің әкем ең жақсы адам» атты концерттік бағдарламасын тамашалады.

Форум соңында мектебіміздің ата-анасы белгілі әнші Ғани Бейсенов шәкірттерге, әкелерге арнап ән шашу сыйлады. Форум қонағы ауыл ақсақалы ризашылығын білдіріп, балаларға ақ батасын берді. Әкелер мектеп ұжымына ризашылықтары мен алғыстарын білдірді. Осындай игі іс шаралардың көп өтуіне ұсыныс жасады. Форумнан әр әке өзіне ой түйіп, бала тәрбиесіне жіті көңіл бөлсе, ұжым үшін бұл форумның өтуі бекер емес болар еді.

А. СҮЛЕЙМЕНОВА,
мектеп директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.
Қырғайұлы ауылы.

Ұлы Жеңіске-80 жыл!

Жақында Жапек батыр ауылындағы №4 орта мектебінің мәжіліс залында бастауыш ардагерлер ұйымының жоспарына сәйкес Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай “Ұлы Жеңіс:Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі” атты дөңгелек үстел болып өтті.

Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі

Жиының мақсаты-жастарымыздың санасында Отанын қорғауға деген жоғары патриоттық сезімі мен адамгершілік қасиеттерін дамыту. Қан майданда ардагерлеріміздің көрсеткен ерен ерліктерін насихаттап жастарға жеткізу.

Дөңгелек үстелге жоғары сынып оқушылары, осы ауылдағы “Асыл ана” қоғамдық бірлестігінің төрайымы Райхан Бабаева, “Алатау жастары” қоғамдық бірлестігі аудандық филиалы төрағасының орынбасары Наргиза Бейсенқызы, еңбек ардагері Күленбек Оспанов, ардагер ұстаз Иманқожа Нұрқалиев, КССРО қарулы күштерінің ардагері капитан Бораиш Мақұлбаев, №97617 әскери бөлімінің офицері аға лейтенанты Алсат Сенім, сержант Манас Туралиев және округ әкімінің орынбасары Руслан Сеңкебаев қатысты.

Руслан Исабекұлының кіріспе сөзінен кейін тарихи жадыны сақтауға, Ұлы Отан соғысындағы қазақстандықтардың ерлігін таныстыруға бағытталған бейнефильм көрсетілді. Дөңгелек үстел сұрақ-жауап, ашық әңгіме түрінде өтті. Оқушылар алдын-ала тақырып бойынша дайындап келген сауалдарын ортаға салды. Ардагерлер мен әскерилер сауалдарға жауап бере отырып, өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісті.

Қорытынды сөз кезегін алған осы жолдардың авторы, Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы жиыңға қатысушыларды биылғы жылдың басты мерекесі Жеңістің 80 жылдығымен құттықтап, жастардың басты міндеттері тәрбиелі, білімді бола отырып Отанын қорғауға дайын болу және Қазақстан қарулы күштерінің сапында әскери борышын өтеу екенін баса айтты. Жиын соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,

Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы. Іле ауданы.



Год человека труда

Молодым везде у нас дорога!

(предприятия области обещают обучение, трудоустройство и высокие зарплаты)

Недавно в Илийском районе, в группе компаний «БЕНТ», (что в округе Аскара Токпанова, бывшее село КазЦИК) прошло значимое событие. На предприятии, совместно с акиматом Алматинской области, провели конференцию на тему – «Год рабочих профессий». Организаторы пояснили, что это делается в рамках поддержки инициативы президента Касым-Жомарта Кемелевича Токаева, объявившего 2025 год – Годом рабочих профессий.

На мероприятие были приглашены: руководитель управления занятости и социальных программ Алматинской области А.М. Ахметова, заместитель руководителя управления образования Алматинской области Г.Т. Исагулова, начальник отдела НПП «Атамекен» Алматинской области Е.Б Турдалиев, представители акимата, государственных, молодежных и волонтерских структур Илийского района, а также директора колледжей, студенты и СМИ.

Большой группе гостей в фойе показали вначале видео-слайды, далее генеральный директор Динмухамед Кузиев ознакомил с историей завода «БЕНТ», берущего начало с 1987 года и выросшего за годы независимости до новых производств и инвестиционных программ. Нелишне будет еще раз напомнить читателям, что сегодня производит группа компаний «БЕНТ». За последние 5 лет она инвестировала в свои проекты более 5 миллиардов тенге, создав 400 рабочих мест. В частности, в ТОО «Капшагай Химмонтаж» (производство щебня и буттового камня), в 2020 году вложено более 1 миллиарда тенге в модернизацию оборудования для реализации первичной горной породы. В 2021 году 800 млн тенге было инвестировано в модернизацию шпального оборудования завода. В 2021 году вложено 2,5 млн тенге в производство автоклавных газоблоков ТОО «Автоклав КЗ», в 2022 году вложено 400 млн тенге в строительство учебного центра. В 2023 году вложено в строительство лаборатории Standlab, центр сертификации с полным оборудованием более 800 млн тенге. В 2024 году в производство деталей рельсового скрепления ТОО «Fasteners metal» совместно с китайской компанией GK RAIL WAY вложено 2,5 млрд тенге. После осмотра нового учебного центра гости провели в производственных цехах. Первым объектом был

цех по производству автоклавного газоблока.

Изначально, запуская его, акционеры рассчитывали быстро завоевать на плотном строительном рынке свою нишу. Не боялись ли они конкуренции, так подобных заводов в регионе около десятка, они отвечали: «Нет, так как мы делаем ставку не только на доступные цены, но, главным образом, на качество исходного сырья и сертификацию продукта». Как рассказал генеральный директор «Автоклав КЗ» Серик Кузиебаев, он же вице-президент по производству «фирмы БЕНТ», мощность годового производства составляет 100 тысяч кубов кирпича, штат - 60 человек, работа организована в две смены, в день производится около 300 кубов автоклавного газоблока. Относительно прочности и качества газоблоков собеседник заверил, что оно, как и было заявлено на старте, лучшее в регионе, так как все технологические нормы соблюдаются безукоризненно. Вторым объектом экскурсии был цех по выпуску шпала. Исполнительный директор по производству Дильмурат Максутов объяснил весь технологический процесс, какие роли играют участки чистки и смазки форм для шпала, участок изготовления струно-

массы и натяжения струнопакетов на участках выведены на экраны компьютеров и специалисты могут их отслеживать в режиме реального времени.

Очень познавательным был рассказ начальница лаборатории и сертификации Standlab Хаджихакбара Ширханова, где испытывают более 400 видов строительных и железнодорожных материалов. Гости продемонстрированы разные виды имеющегося измерительного оборудования, в числе которых был спектрометр для металлов, которым определяют качество получаемого прута и других металлических изделий.

Ну и, пожалуй, самым зрелищным был участок изготовления деталей верхнего строения пути (ДВСП) ТОО «Fasteners metal» совместно с китайской компанией GK RAIL WAY. Приглашенных особенно заинтересовал

Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған Тәшен Сәрсеевтің ерлігі туралы не білеміз?

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Егер солдаттар мен офицерлердің ерліктеріне куә, разы болушы батальон, дивизион, полк командирлері ерлігі үшін марапаттарын ереже бойынша жоғарыға ұсынып отырса, жоғары жақтан, дивизия мен армия дәрежесіндегілер ұсынылған марапаттың дәрежесін кемітіп отыратын. Мәселен, қазақ офицері Кеңес Одағының Батырына немесе Ленин орденіне ұсынылса - жауынгерлік «Қызыл Ту», I-дәрежелі «Отан соғысы» орденіне ұсынылса - оның II-дәрежесіне немесе «Қызыл Жұлдыз» орденіне төмендеткен. «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынылғандардың төрттен бірін «Өжеттігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін» медальдарымен шектеген. Ал біреулер сол ордендерді бір, екі, тіпті үш жылдан соң алатын. Оған жетпей опат болып кеткендер қаншама... Әскери шен беруде де солай болған. Кеңес Одағының Батыры атағына екінші рет ұсынылған Сағдат Нұрмағамбетов пен Біліс Нұрпейісовке ол мәртебе бұйырмады. Ал Бауыржан Момышұлы 1942 жылы Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылса да, тірісінде берілмеді,-деген 2010 жылдың қыркүйегінен 2016 жылдың қыркүйегі аралығында еш тынбастан ізденумен жүріп, екінші дүниежүзілік соғысқа 12056 қазақ офицері қатысқанын анықтаған Жұмабай Доспановтың сөзі Тәшен Сәрсеевке де не үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілмегенін нақты айғақтап тұрғандай.

Тәшен Сәрсеев 1912 жылы Алматы облысы Іле ауданының «12 декабря» ауылында туған. 1930-1935 жылдары осы ауылда есепші, одан кейін Жамбыл ауданының «30 лет Казахстана» колхозында есепші болып еңбек етіп, 1939 жылы әскер қатарына шақырылған. Томск қаласында санитар-нұсқаушы мектебін бітірген соң, 1940 жылы Бийск қаласындағы 11 армияның 53-гвардиялық атқыштар дивизиясының атқыштар полкіне жіберілген. Сол кезде дивизияның командирі полковник Василий Иванович Швецов, бригада комиссары Георгий Федорович Шабалов, штаб командирі подполковник Владимир Григорьевич Сорокин болған.

Неміс басқыншыларының Кеңес еліне тұтқиылдан шабуыл жасағаны жөніндегі хабар тиісімен 133-ші атқыштар дивизиясы 25 маусымда майданға аттанып, 7 шілдеде Мәскеу қаласының Вязьма ауданының Издешкова, Дурова, Митино станциясына келіп жетеді. Кіші сержант, санитар-нұсқаушы Тәшен Сәрсеев Мәскеудің Варшава тас жолын қорғауда алғашқы ұрысқа қатысып, ары қарай жорық жолдары жалғасып жүре берді. Егер Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған параққа зер салсақ, 1941 жылдың 10 шілдесінен 23 желтоқсан аралығында ғана ержүрек саннұсқаушы 323 жараланған жауынгерлер мен командирлерді түтеген оқ пен оттың арасынан аман алып шығып, өлімнен арашалап қалған екен. Қазақ жауынгерінің көзсіз ерлігін жоғары бағалаған полк командирі Обориннің Кеңес Одағының Батырына ұсынуы теңдессіз ерлік азаматтық тұрғыдан бағалағаны деп білсек, ал жоғары дивизия дәрежесіндегі командирлер Тәшен Сәрсеевтің ұлты қазақ болғандықтан бұл марапатты елеусіз қалдырған деп топшылауға тура келеді.

3-ші Беларусь майданының Қызыл тулы 18-гвардиялық атқыштар дивизиясы, 53-атқыштар полкі, 2-ші атқыштар батальонының санитарлар взводының командирі, аға гвардия лейтенанты Тәшен Сәрсеев 1945 жылы 31 қаңтарда «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

«В бою за город Инстербург Восточной Пруссии и в последующих боях с 21 января по 30 января 1945 года проявил себя умелым бесстрашным. Несмотря на сильные минометные и пулеметные обстрелы тов. Сарсеев не покладая рук оказывал медицинскую помощь раненым бойцам и командирам. За частую сам рискуя жизнью выносил с поля боя тяжело раненных бойцов и офицеров. Не допустил ни одного случая смертности по ранению своевременно оказавший помощь раненым и эвакуировал в санитарную роту полка. Достоен награждения орденом Красная Звезда. Командир 53 гв.сп. гвардии подполковник Приладышев,

21.01.1945 г.» деп марапат парақшасында атап өтілген.

1945 жылдың соңында сұрапыл соғыстан жеңіспен оралған Т.Сәрсеев 1946 жылдың қаңтар айында Жамбыл аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалып, 1946 жылдың маусым айында Балқаш аудандық денсаулық сақтау бөлімін басқаруға жіберіледі. 1947 жылы Балқаш ауданының Қараөзек ауылында оба ауруы тарағанда жұқпалы аурудан адамдарды аман алып қалу үшін тағы да алғы шептің алдында жүруіне тура келді. Жүздеген адамды ажал тырнағынан құтқаруға белсене күресті. Оның бұл еңбегі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен атап өтілді. 1985 жылы Ұлы Жеңістің 40 жылдығы құрметіне I- дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды. 1990 жылы ел құрметіне бөленген соғыс және еңбек ардагері Тәшен Сәрсеев 78 жасында дүниеден озғанда, елге сіңірген өлшеусіз еңбегін бағалаған жерлестері оның есімін мәңгі есте қалдыру үшін өзі тұрған көшеге есімін беріп, арнайы тактайша орнатты.

Тәшен Сәрсеевке кезінде Кеңес Одағының Батыры атағы берілмесе, еліміз бүгінгі таңда өз алдына тәуелсіз мемлекет болған шақта Қазақстанның «Халық Қаһарманы» атағын алуға әбден лайықты деп білемін. Бұл ұсынысты аудан мен облыстағы ел тізгінін ұстаған басшылар қолдап, Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұсыныс жасаса нұр үстіне нұр болар еді. Ерлік ешқашан ескірмейді, ол елге мұра-ұрпаққа ұран! Біз өткен тарихта орын алған сыңаржақ оқшылықтың орнын тек осылайша ғана түзете аламыз. Сонда ғана бүгінгі жас ұрпақтың рухын жанып, намысын шар-балаттай қайрай аламыз. Отансүйгіштік деген қастерлі сөз ата-бабаларымыздың теңдессіз ерліктерін ұмытпай, оны бағалаудан басталса керек. Жасалған ерлік ешқашан ескерусіз қалмауы тиіс.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ, Қазақ журналистикасының қайраткері, Балқаш ауданы мен Қонаев қаласының Құрметті азаматы.

инновационный процесс производства упругой, стальной, W-образной клеммы. С этой работой прекрасно справлялись роботы. (Планируем позже рассказать об этом подробнее.)

Затем в конференц-зале состоялся обмен мнениями на тему: «Год рабочих профессий».

В своем выступлении руководитель управления занятости и социальных программ Алматинской области А.М. Ахметова отметила: «В Алматинской области более половины всех работающих лиц имеют профессиональное или техническое образование. Свыше 350 тысяч человек заняты на 500 рабочих специальностях. Рабочие кадры на сегодня наиболее востребованы в промышленности, строительстве, транспорте, торговле и сельском хозяйстве. Прогнозы показывают, что в ближайшие десятилетия потребность в них будет только нарастать. А в предстоящие 6 лет на рынке труда нужны будут 240 тысяч человек, из которых 50 процентов – это люди, получившие профессионально-техническое образование и 60 тысяч – чисто рабочие профессии. Поэтому подготовка рабочих профессий - это инвестиции в будущее, технологическое и экономическое развитие области. Необходимо создать условия для получения рабочих профессий, подготовки высококвалифицированных специалистов, повышения уровня трудовой занятости. Нынешний год, как известно, объявлен нашим президентом Касым-Жомартом Токаевым Годом рабочих профессий. В рамках поручения главы государства, мы разработали и утвердили План мероприятий, где особое внимание уделяется подготовке рабочих профессий по целевым запросам работодателей и обучения на рабочем месте. В текущем году в учебных центрах области пройдут краткосрочное обучение порядка 860 человек. Также в области функционируют 40 колледжей, из которых, 25 - готовят кадры по рабочим профессиям и имеют возможность обучить 11 тысяч человек в год. Активному развитию навыков способствуют платформы «Енбек», «Мансап компас», созданные Центром развития трудовых ресурсов».

Перед собравшимися также выступили заместитель руководителя управления образования Алматинской области Г. Т. Исагулова, начальник отдела НПП «Атамекен» Е. Б. Турдалиев, вице-президент по энер-

гетике ГК «БЕНТ» Г.А. Сухареброва, вице-президент по производству С.И.Кузиебаев, а также представитель областного филиала «Отбасы банк», рассказавший о новых продуктах на рынке жилья для молодежи «Наурыз жұмыскер».

В рамках конференции были подписаны меморандумы между колледжами, работодателем о сотрудничестве. Что касается новой программы получения ипотеки «Наурыз жұмыскер», до 10 процентов на покупку нового жилья для молодых рабочих в рамках «Года рабочих профессий», руководство «БЕНТ» заявило, что готово внести платежи от компании первой группе своих рабочих, после предварительного отбора списка кандидатов.

В беседе с представителями СМИ, генеральный директор группы компаний «БЕНТ» Динмухамед Кузиев сказал: «Мы уже видим плоды нашей совместной работы с управлением занятости и социальных программ и лично Айгуль Матановной. Через наш учебный центр прошло 100 человек и 60 из них трудоустроены. В этом году, благодаря объявленному Главой государства «Году рабочих профессий», мы решили эту работу усилить и масштабировать. Акимат области нашу инициативу поддержал. Наша цель – пропаганда технических специальностей среди безработных, студентов, школьников и молодежи нашей области и города Алматы. На сегодня у нас имеется более 100 вакансий. Это: электрики, теплоэнергетики, механики, токари, слесари, сварщики, бригадиры и начальники участков».

Разные вакансии с разными окладами, от 350 тысяч тенге до 800 тысяч, на которые мы ищем людей. Средняя зарплата по предприятию - 400 тысяч тенге. Плюс бесплатный обед, развозка и другие льготы. Аким области Марат Елеусизович Султангазиев в начале января собрал производителей и поручил активизировать работу по «Году рабочих профессий». И мы, вместе с управлением занятости и управлением образования области провели первую встречу на базе наших производств. И таких встреч, как я знаю, будет еще много в других районах. Данную инициативу можно только приветствовать и всячески поддерживать».

Рамазан Елешев, Илийский район



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

АЛЫС БЕС – БИІК БЕЛЕС



Рая Әбілжанқызы Сартолова. Бұл есімді Ұйғыр ауданында білмейтін жан кем де-кем. Аяулы ана, ардақты әже, ұлағатты ұстаз, Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы, қоғамдық жұмыстардың белсендісі, әрбір игі істің ұйымдастырушысы, көмекке мұқтаж жандардің қамқоршысы, жұрт жанашыры, әнші, көркем сөз оқудың шебері әрі өз өңіріндегі жаңалықтардың жаршысы Рая Әбілжанқызы бүгінде өзінің биік белесі алпыс бесі бағындырып отыр.

Бар саналы ғұмырын білім саласына арнаған Рая Әбілжанқызы-өз өлкесінің әлеуметтік-экономикалық саласына өлшеусіз үлес қосып, жастарға үлгі-өнеге көрсете білген ізгілікті жан. Ол жас ұрпақты имандылыққа, ибалыққа, еңбекқорлыққа, отансүйіштікке тәрбиелеуде көптеген істерді атқарды. Әлі де болса игілікті шараларға белсене қатысып, жастарға саикалы ой тастап, оларды бірлікке шақырып отырады.

Осындай ел мақтанышы болаған Рая Әбілжанқызын 65 жастық мерейтойымен құттықтап, оған шат-шадыман қуаныш, отбасының амандығын тілейміз! Денсаулығы қуатты, өмірі шуақты, шаңырағы шырақты болсын!

Ізгі тілекпен,
Ұйғыр аудандық ардагерлер кеңесі.

Фотобайқау

«ҚЫСҚЫ ШАБЫТ»

Кеген аудандық Жастар ресурстық орталығында «Қысқы шабыт» тақырыбындағы фотобайқау қорытындыланды.

«Қысқы шабыт» фотобайқауы қоршаған ортаға ұқыпты қарау идеясын дәріптеу, адам мен табиғаттың өзара әрекеттесу мәселелеріне қоғамның назарын аудару, табиғи әртүрлілікті сақтау, табиғатты сақтауға бағытталған, оның ішінде ерекше қорғалатын шараларды қолдау мақсатында ұйымдастырылды.

Байқауға 15 жас қатысып, Кеген ауданының аумағында түсірілген қыс мезгілінің көріністерін көрсете білді.

Құрамына жастар басшылығы мен тәжірибелі фотографтар енген кәсіби қазылар алқасы туындылардың тақырыпқа сәйкестілігі, жұмысты бере білудің жаңашылдығы, көңіл-күй және т.б. критерий арқылы іріктеу жүргізді. Қазылар өз отырысы нәтижесінде «Әлеуметтік желідегі жүлдегер» сынды арнайы сыйлық тағайындау жөнінде шешім қабылдап, іріктеу аудандық Жастар ресурстық орталығының инстаграмм парақшасында көп лүпіл жинау арқылы жүргізіліп, аталмыш тақырыптағы 6 қатысушының фотолары таңдап алынды.

Іс-шараға «Алматы облысының жастар

ресурстық орталығы» КММ-нің директоры Мақсат Құлтайұлы, аудандық «Қарқара» газетінің фототілшісі Нұрболат Балабекұлы мен жастар қатысты.

Шараны ашқан «Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры Мақсат Құлтайұлы: «Фотосурет арқылы біз әдеттегі дүниелерді жаңа қырынан көру мүмкіндігін алдық. Табиғат тамашасын қаз қалпында көрсете білген әр қатысушыға алғысымызды білдіреміз. Бұл өз кезегінде фотография өнерінің әуесқойлары мен кәсіпқойлары арасында аталған байқаудың маңызы мен қажеттілігін көрсетеді, - деді.

«Қыс қызығы» байқауы бойынша I орынды Алуа Медетқызы, II орынды Айдын Әміреұлы, III орынды Елдар Ергалиұлы иеленіп, Кеген

ауданы әкімінің орынбасары Кеңес Қабилбековтің арнайы дипломымен марапатталса, қалған үш жеңімпаз Жанат Төкенұлы, Сарсенбай Диас, Науқан Рахмандар Алғыс хаттар мен заттай сыйлықтарға ие болды.

Шарада сөз алған фотожурналист Нұрболат Тастанқұлов табиғат тақырыбының пейзаждар, репортаждық түсірілімдер, фотография, фотосуретпен айналысатын фотографтар үшін қызықты екендігін айта келе, ауыл-қиялдың қайнар көзі екендігін жеткізіп, фотография өнеріне шын берілген



жастарды қолдап, мотивация бергені үшін Жастар орталығына алғысын білдірді.

Байқау қорытындылаған «Кеген аудандық жастар ресурстық орталығының» жетекшісі Тоғжан Қанатқызы жастардың уақытын тиімді пайдалануда осындай шаралардың маңызды екенін атап өтіп, алдағы уақытта түрлі байқаулардың ұйымдастырылатынын жеткізді.

Осылайша, аудан жастары «Қысқы шабыт» фотобайқауынан шабыттанып қайтты.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ,
Кеген ауданы.

Спорт

ШАҢҒЫШЫЛАР ЖЕЛМЕН ЖАРЫСТЫ

Райымбек ауданының Сарыжаз ауылында 2025 жылғы ақпанның 12-15 аралығында Алматы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен шаңғы жарысынан ерлер және әйелдер арасында Алматы облысының чемпионаты өткізілді. Қысқы спорт түрін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде дене шынықтыру мен бұқаралық спортты насихаттауды мақсат еткен айтулы шара бұл жолы да жоғары деңгейден табылды. Бұл шара Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылған күніне 36 жыл толуына байланысты ұйымдастырылды.

Жарыс салтанатты рәсіммен басталды. Шаңғышылар мен спорт жанкүйерлері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранына айрықша құрмет көрсетті. Райымбек ауданының әкімі Берік Дүйсенбаев пен Алматы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Ерболат Сарабеков шаңғышыларды қысқы спорт мерекесінің ашылу салтанатымен құттықтады. Облыстық барлық аудандарынан осыған дейінгі жарыстарда үздік шығып, ақтық сынға үлкен үміт арқалап келген саңлақтарға жарыс жолында сәттілік пен жеңіс тіледі.

Жыл сайын ақпан айын орталап барып өткізіліп жүрген облыстық деңгейдегі жарыста жүзден жүйрік шыққан спортшылар әлемдік деңгейдегі бәсекелерге қатысып, жеңіс жалауын желбіретіп жүргені белгілі. Бұл жолғы жарыс та үлкен жеңіске жол ашқан айтулы бәсекелердің жарасымды жалғасы болып табылды. Жарысқа әдеттегісінше облыстың 9 ауданы мен 1 қаладан – барлығы 10 команда қатысты. Ұзын саны 120-дан асатын спортшы 6 жас санаты бойынша, атап айтқанда 18-

23, 24-30, 31-40, 41-50, 51-62 және 63 жастан жоғары санаттағылар болып, ерлер 3 шақырым, әйелдер 1,5 шақырым қашықтыққа шаңғымен жүгіруден сынға түсті. Сонымен қатар баллонмен жүгіру, қап киіп секіре жарысу, имек таяқпен доп алып жүруден шеберлік байқасты.

мәреге белгіленген уақыттан бұрын келуге тырысты. Қатарластарынан оза шауып, үміттерін үкілеуге барын салды.

Жарыс қорытындысы бойынша 18-23 арасындағы ерлерден Богдан Азизов бірінші, Көпжасар Серікболұлы екінші, Мирас Ғаниұлы



Үш күнге созылған байрақты бәсекеде осыған дейінгі жарыстарда шашасына шаң жұқпаған саңлақтар ақтық сында да өнегелі ойын өрнегін көрсетті. Ақ мамықтай қар үстінде желмен жарыса жүйткіп,

үшінші, әйелдер арасында Аялым Ренатқызы бірінші, Валерия Зубарева екінші, Әмина Оразбай үшінші орынды иеленді. 24-30 жас бойынша Қуатбек Жайырбек, Совет Мақсат, Алмат Жақсылық, әйелдер арасын-

да Надежда Пивоварова, Екатерина Кихтенко, Аяулым Абай, 31-40 жас аралығында Диас Кенжешев, Дулат Нұрмұханбетов, Әсет Бектаев, Әлмира Тілеубекова, Нұрилла Жұманәлі. Жұлдыз Сейдәлімова, 41-50 жастағылардан Владимир Крухмаев, Ерлік Маратов, Ерман



Әмірақынов, Гүл Әбіт, Лариса Кремпин, Айжан Бекмұханбетова, 51-62 жас аралығында Болатжан Жанаев, Жанболат Сұлтанғазиев, Абдурашит Бахтиев, Гаухар Ильясова, Эльмира Тұрсынбай, Сапаргүл Серкебаева, 63 жастан жоғары Ердоғасанов, Нұрбақыт Нұрқабеков, Жақсылық Аманбаев, Нұрсара Жылгелдиева, Нұрлықыз Жұматаева, Панарқан Жиганбекова, Орынхан Баизова бірінші-үшінші орындарды иеленіп, жеңіс тұғырына көтерілді. Ерлер арасындағы эстафеталық ойындарда Райымбек ауданы бірінші, Іле ауданы екінші, Талғар ауданы үшінші, әйел-

ры үшінші орынды қанағат тұтты. Жарыста жүзден жүйрік шыққан шаңғышылар мен эстафеталық ойын жеңімпаздары, жалпы қатысушылар арнайы медальдармен, кубоктар, дәрежелі дипломдар, мақтау қағаздарымен марапатталды. Сондай-ақ, бірінші орынды жеңіп алған Райымбек ауданының командасына 300 мың, Талғар ауданының командасына 200 мың, Еңбекшіқазақ ауданының командасына 100 мың теңгенің сертификаттары тапсырылды.

Гүлбақыт САҒЫМБЕКОВА,
Райымбек ауданы.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310
ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Бошақа» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санның таралымы – 6060
Тапсырыс №465
Индексі – 65472.